

**«БD021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Адырбекова Мауе Колибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ
газет дискурсы материалы негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болғаннан бері, ұлттық санадағы өзгерістерге байланысты тілдік қолданыстағы лингвопрагматикалық ерекшеліктер әсіресе қазақ және ағылшын тілді басылымдардағы дискурсқа түсу, медиамәтін, оқырман мен басылымның арақатысы деген мәселелер алдыңғы орынға шығып отыр. Тіл білімінің кейінгі жылдары мамандардың назарын ерекше аударып, зерделеніп жүрген персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикасы, медиа лингвистика, лингвомәдениеттану, коммуникативтік лингвистика сияқты салаларының зерттелуі қазақ тілінің теориясына, практикалық мәселелеріне қатысты көптеген өзекті мәселелерді анықтауға жол ашты. Осы жағынан келгенде диссертанттың зерттеу нысанына негіз болған қазақ және ағылшын басылымдарындағы персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикасы бүгінгі таңдағы гуманитарлық ғылымдар саласындағы өзекті мәселелердің санатына жатады.</p> <p>Лингвопрагматика тілдік қолданыстың замануи үдерісін көрсетіп қана қоймай, әр ұлттың төл мәдениетінің сол ұлттың тіліндегі көрінісін сипаттау мәселелерін зерттейтін тіл білімінің саласы болса, мәдениетаралық байланыс бір-бірімен өзара қарым-қатынаста болған халықтар тілінің өзара ықпалын анықтауға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңдағы басқа халықтармен тілдік байланыс пен қазіргі заманғы ғылым мен мәдениетте және қоғамдық өмірдің түрлі салаларында болып жатқан өзгерістердің тілдегі көрінісі мен персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктерін зерттеу гуманитарлық ғылымдар мен мемлекеттік бағдарламалар аясындағы мәселелермен үйлесіп, лингвистика ғылымы үшін үлкен маңызға ие</p>

			<p>болып отыр.</p> <p>Аталған зерттеу жұмысы лингвопрагматикалық, лингвомәдени, лингвокоммуникативтік жағынан да, синхронды сипатынан да, қазақ және ағылшын тілді басылымдардағы дискурстың ақпаратты жеткізудегі тілдік ерекшеліктерді бейнелейтін ақпараттар ағынын көрсетуімен ерекшеленетін ғылыми жұмыс екені назар аудартады. Автор персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикасының қазақ-ағылшын газет дискурсындағы әр жылдары жүргізілген жекелеген зерттеулер болғанымен сол тілдік қатынастардың салыстырмалы аспектідегі жүргізілген жұмыстардың аздығын ескере келе, осындай күрделі мәселелердің шешімін оқырман түйсігіне әсер етуші факторларды саралауы, персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикасын тіл ұстанушысының когнитивтік санасын бейнелейтін туынды материалына сүйене отырып зерттегенін байқаймыз. Осы мәселелер Адырбекова Мауе Колибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысының өзектілігін танытады.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі)</p>	<p>Адырбекова Мауе Колибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысы «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы аясында орындалған.</p>
<p>2.</p>	<p>Ғылымға маңыздылығы</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы болып отырған персуазивтік стратегиялар тек лингвисттер үшін емес, медиадискурс саласының зерттеушілері үшін де газет дискурсына иландыру коммуникациясы тұрғысынан жаңаша сипаттама беруші құнды мәлімет бола алады.</p> <p>Зерттеу жұмысы персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикасы негізінде ағылшын және қазақ тілді газет дискурсы материалы негізіндегі жұмыстардың қалыптасып, даму тарихына, медиакөңістіктегі лингвопрагматикалық зерттеулердің базалық теориясы мен практикалық үлгілерінің қалыптасуына өзіндік үлесін қосады. Қазақ және ағылшын басылымдарындағы</p>

			<p>дискурстың ерекшеліктерін зерделеу, олардың стратегиялық сипаты мен тактикалық түрлерін айқындау медиамәтіндердің қалыптасу, даму барысынан жан-жақты хабардар етеді, сонымен қатар қазақ және ағылшын басылымдарындағы ерекшеліктері мен өзіндік мазмұндық бағдарының тақырыптық, жанрлық, рубрикалық (айдары), жарнамалық, лексика-грамматикалық өзгерістері тілдік тұрғыдан нақты талданып, олардың прагмалингвистика жүйесінің дамуындағы түрлі кезеңдерді айқындауға жол ашады. Осы тұрғыдан алғанда, бұл зерттеу жұмысы лингвомәдениеттануға, коммуникативтік лингвистикаға, прагмалингвистикаға, медиалингвистикаға теориялық және практикалық жағынан дамуына өзіндік үлес қосатын маңызды жұмыстардың қатарына жатады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары	<p>Адырбекова Мауе Колибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысының теориялық дайындығы, тілдік біліктілігі, тақырыпты меңгеруі, тілдік бірліктерді жинақтап, жүйелеуі мен сұрыптауы осы диссертацияның ғылыми деңгейін, теориялық-практикалық құндылығын арттырады.</p> <p>Зерттеу жұмысының құрылымы, ішкі мазмұны, ғылыми негізделу дәрежесі диссертацияны автордың өзі жазу деңгейі жоғары деп бағалаймын. Автордың диссертация мазмұнындағы жасаған түйіндеулері мен тұжырымдары, тілі, ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, көлемі диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес орындалған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген	<p>Тақырып өзектілігіне негіз болған заманауи лингвистикадағы газет дискурсының бүгінгі күн оқырман аудиториясына тигізер әсері иландыру коммуникациясы тұрғысынан кең тарап келе жатқан даулы мәселеге жатады. Соның салдарынан отандық және шетелдік лингвистика ғылымын зерттеушілер үшін коммуниканттар арасында иландыру мақсатында персуазивтік ерекшелікке ие тіл бірліктерін ағылшын және қазақ тілді газет материалдары тұрғысынан салыстырмалы түрде зерттеу екі тілдің ғана емес, сонымен қатар екі мәдениеттің әлеуметтік өмірін</p>

		<p>салыстыруға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында алынған нәтижелер диссертация тақырыбының өзектілігі толықтай негізделгендігін дәйектейді.</p> <p>Зерттеу жұмысында келтірілген ғылыми нәтижелер мен мен диссертанттың диссертацияда жасаған түйіні мен қорытындысы бір-бірімен сабақтас, ішкі мазмұны арқылы толық үйлеседі. Әр тарау мен тармақтарда айтылған пайымдау пікірлер мен тұжырымдар кейінгі тараулармен мазмұны арқылы жалғасып, мағыналық бірлік толық сақталған. Зерттеу жұмысындағы әрбір ғылыми нәтиже мен ізденушінің диссертацияда жасаған түйіні мен қорытындысы өзара байланысты, бірінен-бірі туындап отырады.</p> <p>Диссертацияның құрылымы біртұтас логикалық сабақтастықты сақтай отыра орындалған, содан туындаған түйіндер мен тұжырымдардан ортақ қорытынды жасалғандығы ішкі бірлігінің негізделгендігін көрсетеді.</p>	
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын 1) айқындайды</p>	<p>Адырбекова Мауе Колибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)» атты тақырыптағы диссертациясы үш тараудан, оларға сай тұжырымдардан, қорытынды мен қосымшалардан тұратын зерттеу жұмысының мазмұны берілген тақырыпқа сай құрылған. Ондағы әрбір тараудың аты мен ондағы тақырыпшалардың мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқындаған.</p> <p>Зерттеу жұмысының бірінші тарауында медиадискурстың лингвистикадағы орны мен маңызы, ақпарат айдынындағы медиадискурстың қызметі, медиадискурстың бүтін бір бөлігі газет дискурсының лингвистикалық ерекшелігі, медиаадресат пен медиаадресанттың өзара қатынасы теориялық жағынан арнайы қарастыру көзделген. Бұл үшін алдымен медиадискурстың тіл білімінде зерттелу деңгейі, қазақ және ағылшын тілдерінің байланысы, газет дискурсы бірліктерінің лингвопрагматикалық аспектісі арнайы қарастырылады.</p> <p>Зерттеу жұмысының екінші тарауында персуазивті коммуникация теориясының ерекшеліктерін айқындау және терминжасамда осы сөздердің әлеуетін көрсету мақсат етілген. Ол</p>

			<p>үшін оқырман түйсігіне әсер етуші персуазивті коммуникация мен когнитивті-психологияның бірліктерін танудың белгілері және персуазивті коммуникацияның газет дискурсындағы қалыптасу жолдары, олардың дискурс жасаудағы мүмкіндігінің молдығы ғылыми теориялық тұрғыдан айқындалады.</p> <p>Зерттеу жұмысының үшінші тарауында лингвомәдени аспектідегі персуазивті газет дискурсының лингвопрагматикалық ерекшеліктерін тілдік материалдар арқылы талдаудың нәтижесінде, қазіргі заманда дамып отырған ғылымның түрлі салалары – қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардағы медиалингвистика, прагмалингвистика, коммуникативтік лингвистика, журналистика, когнитивтік лингвистика ілімдерінің мазмұнын байытуға ат салысады.</p> <p>Зерттеуде тақырыптан ауытқушылық жоқ. Аталған мәселелердің бәрі диссертацияда бір-бірімен тығыз байланыста қарастырылып, нәтижесінде әр тарау мен тақырыптағы түйіндер ішкі бірлікте сабақтасқан.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына 1) сәйкес келеді</p>	<p>Персуазивті коммуникацияның ағылшын және қазақ тілді газет дискурсында алар орны мен ерекшелігін айқындауда жасалған талдау диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты мен оны жүзеге асырушы міндеттерінің өзара толықтай сәйкестігін көрсетеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстағы персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикасын көрсетудегі ізденушінің мақсаты мен міндеттері, қазақ және ағылшын тілдеріндегі газет дискурсы материалдарындағы тілдік деректер негізінде сараланып, арнайы зерттеуі диссертацияның міндеттері салыстырмалы зерттеу талқысына түсуін көрсетуі теориялық және практикалық тұрғыдан тақырыпқа сәйкес келетіндігін көрсетеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық 1) толық байланысқан</p>	<p>Диссертацияда көрсетілген үш тарау және оларға сәйкес тақырыптар өзара логикалық байланысқан. Әр бөлімге сай өзіндік тұжырымы және зерттеу жұмысын толықтай тәмамдаушы қорытынды келтірілген.</p> <p>Зерттеу жұмысында келтірілген ғылыми нәтижелер мен мен ізденушінің диссертацияда жасаған түйіні мен қорытындысы бір-</p>

			<p>бірімен сабақтас, ішкі мазмұны арқылы толық үйлеседі. Әр тарау мен тармақтарда айтылған пайымдау пікірлер мен тұжырымдар кейінгі тараулармен мазмұны арқылы жалғасып, мағыналық бірлік тауып отырған. Зерттеу жұмысындағы әрбір ғылыми нәтиже мен ізденушінің диссертацияда жасаған түйіні мен қорытындысы өзара байланысты, бірінен-бірі туындап отырады.</p> <p>Диссертацияның құрылымы біртұтас логикалық сабақтастықты сақтай отыра орындалған, содан туындаған түйіндер мен тұжырымдардан ортақ қорытынды жасалған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар</p>	<p>Диссертациялық жұмыс толықтай авторлық тараптан сыни талдау жүргізу нәтижесінде лингвистикаға белгілі коммуникативтік стратегиялар мен тактикалардың қатарына жаңа коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар қосу қажеттігінің себебін анықтауға арналған. Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, қажетті мысалдармен расталған.</p> <p>Зерттеушінің қол жеткізген ғылыми нәтижелері жұмыстың алдына қойған мақсат-міндеттерін сәтті орындап шығуынан көрінеді. Зерттеу жұмысында автор өз тарапынан ғылыми этиканы сақтай отырып, сыни талдаулар жүргізуінің нәтижесінде бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырып, өз тарапынан саралап, бүгінгі таңдағы тіл ғылымында қалыптасқан негізгі қағидалар мен тіл дамуының мәдени-танымдық үрдістерін анықтайтын ғылыми әдіс, тәсілдерді қолданып, ғылыми тұжырымдар жасаған.</p>
<p>5.</p>	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Оған дәлел ретінде екі тілді газет дискурсының нақты персуазивті коммуникация тұрғысынан отандық лингвистикада арнайы қарастырылмағандығы және соған орай ғылыми зерттеу жұмыстар санының аздығын айтуға болады.</p> <p>Персуазивті коммуникацияның прагмалингвистикалық сипатын көрсету барысында екі тілдегі материалдарды талдау нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады:</p> <p>1. газет дискурсына ағылшын және қазақ тілді лингвистика тұрғысынан сипаттама бере отырып, ол коммуникацияның тарихи қалыптасқан ежелгі түрі екенін және бүгінгі күн оқырман қауым</p>

			<p>аудиториясында өзіндік сұранысын мүлде жоғалтпағандығын дәлелдеуі;</p> <p>2. мерзімді басылым ақпаратын әзірлеуші автордың болмысын оқырман санасына әсер етуші когнитивті-психологиялық әсердің инициаторы ретінде сипаттап, автор-оқырман және ақпарат-оқырман байланысының аражігін ажыратуы;</p> <p>3. иландыру коммуникациясының әлем лингвистикасына белгілі коммуникативтік стратегиялары мен тактикаларын анықтап, олардың газет дискурсында алар орнын және ағылшын-қазақ тілді лингвомәдениетке зерттеу жүргізуде кемшілік тұстарын айқындауы;</p> <p>4. персуазивті коммуникацияның баспасөз ақпаратындағы ерекшелігін сипаттай отырып, тілдік материалдардың субъектіні иландырудағы мәдени-танымдық әсерін оқырман дүниетанымымен астасып қарастырылуы, бүгінгі күн тұрғысынан баға берілуі бұл зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидаттарының толығымен жаңа ұсыныстар екендігін аңғартады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындысы жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа</p>	<p>Үш тараудан кейін берілген қорытынды диссертация тақырыбының өзектілігі мен лингвистика саласындағы маңыздылығын сипаттау арқылы, персуазивті коммуникацияның зерттеліп көрмеген жаңа қырын танытушы жаңа қорытынды болып отыр. Ағылшын және қазақ тілді газет дискурсын зерттеуде бұл толығымен жаңа нәтиже екенін растауға болады.</p> <p>Персуазивті коммуникацияның прагмалингвистикасын зерттеуге арналған Адырбекова Мауе Колибаевнаның жұмысындағы қорытынды тұжырымдары диссертацияның мазмұнымен ұштасып, толығымен жаңа саналады. Мәселен, персуазивті коммуникацияның қазақ және ағылшын тілдеріндегі газет дискурсындағы материалдар арқылы талданып-түсіндірілген деректерді зерттеудің тілдік семантикалық реконструкциялау тәсілі арқылы қарастырылған, зерттеу нәтижесінде ұсынылған ғылыми теориялық және практикалық тұжырымдар мен қорытындылар зерттеу жұмысында қамтылған барлық ғылыми жаңалықты түйіндеп көрсеткен.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық,</p>	<p>Персуазивті коммуникацияның прагмалингвистикасына</p>

		<p>экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа</p>	<p>негізделген диссертациялық жұмыс мазмұны бүгінгі таңдағы технократты қоғамның талабына сәйкес, техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа саналады. Диссертацияда айтылған пікірлердің, жасалған қорытындылар мен тұжырымдардың нақтылығы, негізділігі, зерттеудің ғылыми айналымына мол тілдік деректерді түсіруі жұмыстың техникалық, технологиялық шешімдерінің салмағын арттырып, сапасын көтере түседі.</p> <p>Диссертанттың қол жеткізген әрбір нәтижесі, ғылыми жаңалықтары мен қорытындылары зерттеу мақсатына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының өн бойында орын алатын ғылыми ой-пікірлердің қай-қайсысы да заманауи нақты тілдік материалдар негізінде дәйектелген. Тілдік материалдар жан-жақты талданып, нәтижесінде зерттеу тақырыбына қатысты түйінді тұжырымдар жасалған.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Персуазивті коммуникацияны прагмалингвистикасын екі тілді материалдар негізінде зерттей отырып, ізденуші лингвистика саласында отандық және шетелдік лингвисттер үшін массмедианың жаңа қырын ашуға тырысты. Ағылшын және қазақ тілді сұхбатқа жүрігізілген талдау екі мәдениеттің ақпарат тарату ерекшелігі мен оны әзірлеу тәсілдерін сипаттап қана қоймай, оларға екіжақты сыни көзқараспен баға берді.</p> <p>Зерттеу жұмысының құрылымы, техникалық талаптармен сәйкестігі, мазмұны, тіл қолданысы (ғылыми стилі), қажетті ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, жұмыстың көлемі докторлық диссертацияларға (PhD) қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертацияның нәтижелері мен ұсынған ғылыми тұжырымдары тақырыпқа қатысты белгілі ғалымдардың еңбектеріне, тілдегі ғылыми теорияларға негізделіп, нақты Персуазивті коммуникацияның мәдени коммуникативтік семантикасын тілдік деректер арқылы талданып, дәлелденген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді;</p>	<p>Адырбекова Мауе Колибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысында қарастырылған негізгі</p>

		<p>7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия</p>	<p>қағидаттардың берілуі дәлелді, тривиалды емес, толықтай жаңа, қолданыс өрісі кең, зерттеу жұмысы аясында жарық көрген мақалаларында қамтылғандығы жұмыстың тыңғылық зерттелгендігін көрсетеді.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген 1) ия</p>	<p>Лингвистикалық зерттеу барысында қолданған лингвопрагматикалық дискурсивті талдау, индуктивті және дедуктивті талдау әдістерімен қатар эксплицитті және имплицитті түрлерін ерекше атап, оларға сай жасалған талдаудың нақты жүргізілгендігін атауға болады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми базалық аппаратын көрсету үшін, пайдаланылған теориялық пікірлер мен тұжырымдарға сілтеме жасауы шынайы. Жұмыс барысындағы пайдаланылған сілтемелері персуазивті коммуникацияның прагмалингвистикасын талдау жұмыстары арқылы дәйектелген. Диссертанттың жасаған қорытындылары мен тұжырымдарында дәйектілік принципі қатаң сақталып, нақты лингвистикалық талдаулар негізінде әдіснамасы негізінде нақты жазылған. Персуазивті коммуникацияның прагмалингвистикасын дискурстық мазмұнын ашуға қатысты талдауларының нақтылығы мен негізділігі жоғары. Зерттеудің ғылыми айналымына қатысты мол тілдік деректерді пайдалануы жұмыстың салмағын арттырып, сапасын көтере түскендігі көрінеді.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия</p>	<p>Диссертация жұмысы компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдісін пайдаланған. Оның дәлелі ретінде Excel программасымен жүргізілген есептеу ағылшын және қазақ тілді газет дискурсында иландыру коммуникациясының қолданыс жиілігі мен ерекшеліктерін айқындаушы арнайы диаграмманы атауға болады.</p>
		<p>8.3 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге</p>	<p>Адырбекова Мауе Қолибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын</p>

		сілтемелермен расталған	<p>және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысында маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Оған дәлел диссертанттың иландыру коммуникациясын қарастыруда ресейлік және отандық авторлардың еңбектеріне тоқтала кетіп, тақырыпқа қажетті мәліметтерін ұтымды қолдану арқылы диссертацияның теориялық-әдістемелік негізін сенімді сілтемелермен растағанын жатқызуға болады.</p> <p>Ізденушінің материалды логикалық тұрғыдан жүйелі беруі, зерттеу әдістері мен алынған нәтижелері, қорытындылары мен ғылыми түйіндері мен маңызды мәлімдемелері ғылыми әдебиеттер арқылы нақтыланып, кіріспесінде көрсетілген өзектілік мәселесі, қорғауға ұсынылған тұжырымдар, қол жеткізген ғылыми жаңалықтарында, зерттеу нысанына алынған мәселелерден ауытқушылық жоқ.</p>
		8.4 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті	<p>Автор диссертациялық жұмысында отандық және шетелдік авторларды қатар қарастырып, олардың лингвистикалық сипаттамаларын орынды қолданып, персуазивті коммуникацияның мәнін ашу үшін өзіндік анықтамасын берген диссертант өз зерттеу жұмысында пайдаланған әдебиеттер тізімін әдеби шолуға жеткілікті дәрежеде келтірген. Автордың 216 еңбекке сілтеме келтіріп, пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми зерттеу мазмұнына сәйкес пайдаланылғандығы және әдебиеттердің өндірістегі қолданысы соңғы жылдардағы әдебиеттерді қамтитындығы әдеби шолу үшін жеткілікті саналады.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия;	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижесі теориялық тұрғыда коммуникативтік стратегиялар қатарын көбейтуде өз үлесін қоса алады.</p> <p>Персуазивті коммуникацияның прагмалингвистикасына негізделген зерттеу жұмысы ғылыми теориялық тұрғыдан антропоцентристік парадигма аясындағы когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, коммуникативтік лингвистика, журналистика ғылымдары үшін құнды теориялық материалдар береді.</p>
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада	<p>Зерттеу нәтижелері мен қорытындыларын жоғарғы оқу орындары филологиялық, гуманитарлық бағыттарда оқытылатын</p>

		қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия	таңдау компоненттеріндегі пәндерде қосымша материалдар ретінде ұсынуға болады. Сондай-ақ, лингвисттердің мерзімді басылым саласы қызметін зерттеуде алдына қойған практикалық міндеттерін шешуде медиадискурстың когнитивті мақсатын анықтау үшін қосымша негіз бола алатын зерттеу жұмысы.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа	Зерттеу нәтижесінде ұсынылған коммуникативтік стратегиялар (полилог стратегиясы, ұтымды формат стратегиясы және соңғы тұжырым стратегиясы) толықтай жаңа болып табылады. Ағылшын және қазақ тілді қоғамның газет дискурсында иландыру коммуникациясын қатар зерттеген коммуникативтік стратегиялардың бұрын-соңды болмағандығы аталмыш ұсынысты толығымен жаңа деп қабылдауға мүмкіндік береді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары	Адырбекова Мауе Колибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысындағы жазу мәнері мен ресімдеу сапасы академиялық талаптарға сәйкес жоғары деп саналады. Автордың жазуындағы логикалық жүйелілік сақталған, ғылыми стилі жатық, ғылыми жұмысты (PhD) философия докторы дәрежесіне сәйкес сауатты жазылған деп бағалаймын.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру

Адырбекова Мауе Колибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)» атты диссертациялық жұмысы «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы академиялық дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

**Алматы менеджмент университеті,
(PhD) философия докторы, доцент м.а.**



(КОЛЫ)



Ерсултанова Гаухар Тилеукабуловна

Подпись заверяю
Коп койғаның растаймын

201 г.

